

2021-2023 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 51/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 қаңтарда № 6973 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімінің 5-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 13 703 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 819 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 11 884 мың теңге;

2) шығындар – 13 913,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -210,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 210,3 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 210,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 24.09.2021 № 6/9 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтан;

ауылдың аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығынан;

мына көлік құралдары салығынан:

тұрғылықты жері ауылдың аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері ауылдың, аумағында орналасқан заңды тұлғалардан.

3. Ауылдық округ бюджетінің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістерден:

ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден;

ауылдық округ бюджетіне түсетін басқа да салықтық емес түсімдерден.

4. Ауылдық округ бюджетінде 2021 жылға аудандық бюджеттен берілетін 10 217 мың теңге сомасында бюджеттік субвенциялар қарастырылғаны ескерілсін.

4-2. 4-қосымшаға сәйкес қаржы жылының басына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2020 жылы пайдаланылмаған жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы трансферттерді қайтару есебінен ауылдық округ бюджетінің шығыстары көзделсін.

Ескерту. Шешім 4-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 24.09.2021 № 6/9 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

С. Мустафин

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Мустафин

Тимирязев аудандық мәслихатының

2021 жылғы 8 қаңтардағы

№ 51/7 шешіміне

1-қосымша

2021 жылға арналған Докучаев ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 24.09.2021 № 6/9 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

--	--	--	--	--

Санаты	Сыныбы	Кішісыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	13 703
1			Салықтық түсімдер	1 819
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 819
		1	Мүлікке салынатын салықтар	97
		3	Жер салығы	66
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 656
4			Трансферттердің түсімдері	11 884
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11 884
		3	Аудандардан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	11 884
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2. Шығыстар	1 3 913,3
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 1 223,2
	124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 1 223,2
		001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 1 223,2
7			Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	570
	124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	570
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	70
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1960

	124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1960
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1960
12			Көлік және коммуникация	160
	124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	160
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	160
15			Трансферттер	0,1
	124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
		048	Пайдаланылмаған(толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4. Қаржылық активтермен операциялар жөніндегі сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-210,3
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	210,3
категория	сынып	Кіші сынып	Атауы	Сомасы мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	210,3
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	210,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	210,3

Тимирязев аудандық мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 51/7 шешіміне 2-қосымша

2022 жылға арналған Докучаев ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	12 638
1			Салықтық түсімдер	1 903
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 903
		1	Мүлікке салынатын салықтар	98
		3	Жер салығы	67
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 738
4			Трансферттердің түсімдері	10 735
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10 735
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	10735
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	12 638
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 199
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 199
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10 199
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	598
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	598
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	525
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	73
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 673
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 673
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 673
12			Көлік және коммуникация	168
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	168
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	168

			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

Тимирязев аудандық мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 51/7 шешіміне 3-қосымша

2023 жылға арналған Докучаев ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	13 270
1			Салықтық түсімдер	1 991
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 991
		1	Мүлікке салынатын салықтар	99
		3	Жер салығы	68
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 824
4			Трансферттердің түсімдері	11 279
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11 279
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	11279
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	13 270
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 709
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 709
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10 709
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	628
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	628
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	551
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	77
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 757

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 757
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 757
12			Көлік және коммуникация	176
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	176
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	176
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

Тимирязев аудандық мәслихатының
2021 жылғы "08" қаңтардағы
№ 51/7 шешіміне
3-қосымша

Докучаев ауылдық округі бюджетінің қаржы жылының басына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2020 жылы пайдаланылмаған жоғары тұрған бюджеттердің нысаналы трансферттерін қайтару есебінен шығыстары

Ескерту. Шешім 3-қосымшамен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 24.09.2021 № 6/9 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
			1. Кірістер	210,3
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	210,3
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	210,3
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	210,3
Функциональная группа	Администратор бюджетных программ	Программа	Наименование	Сумма (тысяч тенге)
			2. Шығыстар	210,3
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	210,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	210,2

		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	210,2
15			Трансферттер	0,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК